

**Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі**

«Қазгидромет» РМК



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №59
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)
«27-29» шілдеге» 2024 ж.**

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «26» шілде күні 20 сағаттан «29» шілде күні 20 сағ. дейін 2024 ж.)

құрастырылған уақыты: 26.07.2024 ж.

Мекен жайы : Астана қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Азилкыясова Л.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Кизатова Д.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: ugpastana@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-53-38	e-mail: seli@meteo.kz

**2024 жылғы «27» шілдеге
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

Іле Алатау	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады 9-14, найзағай кезінде екпіні 18 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 23-28 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 16-21 градус жылы.
Күнгеі Алатау	Жауын-шашынсыз. Шығыстан, оңтүстік-шығыстан 9-14 м/с жел соғады, күндіз кей жерлерде екпіні 18 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 27-32 градус жылы.
Теріскей Алатау	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-шығыс бағытқа ауысады, күндіз кей жерлерде екпіні 18 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 28-33 градус жылы.
Жетісу Алатау	Кей жерлерде аздаған өткінші жаңбыр (0,0-0,9 мм). Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 21-26 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 19-24 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с болады. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 30-35 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с болады. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 30-35 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа ауысатын жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 24-29 градус жылы болады.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа ауысатын жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температура-сы түнде 13-18, күндіз 26-31 градус жылы болады.
Маңғыстау таулары	Кей жерлерде жаңбыр (5-10 мм), найзағай. Жел солтүстіктен, солтүстік-шығыстан, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 19-24, күндіз 25-30 жылы
Сауыр	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 28-33 градус жылы.
Тарбағатай	Таңертең және күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 16-21 жылы, күндіз қатты ыстық 30-35, кей жерлерде 38 градус.
Қазақстандық Алтай	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, кей жерлерде 12 градус жылы, күндіз қатты ыстық 30-35 градус, кей жерлерде 26 градус жылы.

2023 жылғы "28-29" шілдеге арналған
ҚР таулы аумағы бойынша консультативтік болжам

Алматы: 28-29 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.

Жетісу: 28-29 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.

Жамбыл: 28-29 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-8 мм), найзағай. Ауа температурасы түнде 14-19, күндіз 23-28 градус жылы.

Түркістан: 28 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай болады. 29 шілдеде жауын-шашынсыз. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 24-29 градус жылы.

Маңғыстау: 28 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай болады. 29 шілдеде жауын-шашынсыз. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 25-30 градус жылы.

Абай: 28-29 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-8 мм), найзағай болады, бұршақ жаууы мүмкін. Ауа температурасы 28 шілдеде түнде 15-20, күндіз 27-32 градус жылы, 29 шілдеде түнде 13-18, күндіз 25-30 градус жылы.

Шығыс Қазақстан: 28 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-8 мм), найзағай болады. 29 шілдеде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, дауыл болады, бұршақ жаууы мүмкін. Ауа температурасы 28 шілдеде түнде 9-14, күндіз 20-25 градус жылы, 29 шілдеде түнде 7-12, күндіз 18-23 градус жылы.

2024 жылғы 26 шілдедегі жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің ауытқуы бақыланды. Медеу – Кіші Алматы ө., Проходной ө. сағасынан 2 км жоғары – Үлкен Алматы ө., саға – Құмбел ө., Таутүрген а. – Түрген ө. және Талғар қ. – Талғар ө. гидрологиялық бекеттерінде су деңгейі 4 см-ге дейін көтерілді. Температуралық фон 8 °С-тан 25 °С оң мән аралығында. 26 шілдеде таңғы сағат 5 те нөлдік изотерма 4470 м биіктікте болды.

**2024 ж. "26" шілдедегі
Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер**

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м ³ /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лайлылық
				Макс. 25.07	Мин. 26.07	08 сағ. 26.07	Күндіз 25.07	Түнде 26.07	Орт. 25.07	08 сағ. 26.07	Орт. 25.07	Макс. 25.07	08 сағ. 26.07		
1	Кіші Алматы	Мыңжылқы МС	3017	15.2	7.8										
2	Кіші Алматы	Мыңжылқы МС ГБ	3017			9.0			272	268				-2	*
3	Кіші Алматы	Тұйықсу а/б ГБ	2466			16.0			576	575				0	*
4	Кіші Алматы	Шымбұлақ МС	2200	24.2	14.6		0.5								
5	Кіші Алматы	Сарысай ө. сағасынан төмен ГБ	1928			20.0			282	282	3.55	3.55	3.55	0	0
6	Кіші Алматы	Медеу ГБ	1700			19.0			122	119				+1	*
7	Батарейка	Просвещенец д/ү ГБ	1569			25.0			50	49	0.13	0.14	0.12	0	0
8	Кіші Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			20.0			193	192	2.79	2.96	2.62	0	*
9	Бұтақ	Бұтақ а. ГБ	1475			22.0			253	253				0	*
10	Үлкен Алматы	Көлден 1.1 км биіктікте ГБ	2654			16.0			324	322	5.32	5.92	4.72	0	*
11	Үлкен Алматы	Проходной ө. сағасынан 2 км жоғары ГБ	1471			24.0			281	283				+4	*
12	Құмбел	саға ГБ	2150			17.0			92	93				+2	0
13	Проходная	саға ГБ	1422			22.0			288	286	3.84	4.10	3.57	0	0
14	Терісбұтақ	саға ГБ	1362			24.0			215	215	1.25	1.25	1.25	0	*
15	Қаскелен	Қаскелен қ. ГБ	1133			25.0			312	313	11.8	11.4	12.1	0	*
16	Түрген	Таутүрген а. ГБ	1054			25.0			132	130	15.9	18.5	14.8	+3	1
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			24.0			231	231				0	*
18	Талғар	Талғар қ. ГБ	1199			24.0			205	204				+2	*
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауындағы ГБ	2500	20.0	10.9		3.4		379	390				+15	*
20	Баянкөл	Баянкөл а. ГБ				19.0			138	126				+2	3
21	Көктал	Аралтөбе а. ГБ				17.0			251	250	17.2	17.7	16.7	-2	*
22	Мерке	Улбугуй қыс. ГБ							144	142	10.1	10.3	9.24	-1	*

Ескертпе:

* - деректер жоқ

«27-29» шілдеге» 2024 ж.

Қазақстанның таулы аумағына жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4470 м биіктікте болды. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдылығы төмендеуде, бірақ бұрынғыдай жоғары. 27 шілдеде күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 28, 29 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Күнгей Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. 27 шілдеде жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 28, 29 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Теріскей Алатау	
Жетісу	Жетісу Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. 27 шілдеде кей жерлерде аздаған өткінші жаңбыр (0,0-0,9 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 28, 29 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. 27 шілдеде күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 28, 29 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-8 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. 27 шілдеде жауын-шашынсыз болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 28 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29 шілдеде жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	27 шілдеде кей жерлерде жаңбыр (5-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 28 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29 шілдеде жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ
Абай	Тарбағатай	27 шілдеде таңертең және күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 28, 29 шілдеде шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-8 мм), найзағай болады, бұршақ жаууы мүмкін. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. 27 шілдеде күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 28 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-8 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 29 шілдеде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, дауыл болады, бұршақ жаууы мүмкін. Қарқынды ұзақ жауын-шашындар түскен кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Қазақстандық Алтай	Маусымдық қар сызығы 2000 м биіктіктен жоғары орналасқан. Қар жамылғысы мен мұздықтардың еруі жоғары. 27 шілдеде күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 28 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-8 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

		қауіптілігі жоқ. 29 шілдеде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, дауыл болады, бұршақ жаууы мүмкін. Қарқынды ұзақ жауын-шашындар түскен кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
--	--	--

Сел қауіптілігінің деңгейі (5 Қосымша).

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (6 Қосымша).

Сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Сел үдерісінің даму ықтималдылығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, сұйық жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығының жоғары мәндері</p>	<p>Негізгі өзен аңғарында сел үдерісінің даму ықтималдығының жоғары болуы және негізінен таулардан шыға берісте сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында және таулардан шыға берісте орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне үлкен қауіптілік</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, болжанатын сұйық жауын-шашынның мөлшерінің жоғары мәндері</p>	<p>Селдің негізгі өзен аңғарына шығу ықтималдығы және онда сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне потенциалды қауіптілік</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Сел қалыптасуының потенциалды ошақтары болған кезде төмен таулы аймақтағы салыстырмалы түрде төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығы</p>	<p>Селдің пайда болу ықтималдығы шамалы</p>	<p>Төмен таулы аймақтағы селдің пайда болу аймағындағы адамдар үшін потенциалды қауіптілік</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның, сел пайда болу ошақтарының болмауы</p>	<p>Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	

Ақпаратты пайдалану кезінде "Қазгидромет" РМК-ға сілтеме міндетті

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.